




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ


# ЕРЕЖЕ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Комитеттің негізгі мақсаттары, міндеттері мен функциялары	2
3	Комиссияның құрамы және жұмыс регламенті	4
4	Комиссия мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	4
5	Қорытынды ережелер	5



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	2 бет

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Осы Академиялық комитет туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі - Университет) кадрлар даярлау бағыттары бойынша академиялық комитеттің (бұдан әрі-Комитет) негізгі міндеттерін, функцияларын, қалыптастыру тәртібі мен өкілеттіктерін айқындайды.

1.2 Ереже мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңымен;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен бекітілген.

1.3 Комитет Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын (ОР) әзірлеумен және өзектендірумен айналысады, сондай-ақ Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді.

1.4 Комитеттің қызметін ұйымдастыру университеттің әрбір факультетінде жүзеге асырылады.

1.5 Комитеттердің қызметін бақылауды оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады.

1.6 Комитеттердің қызметін ұйымдастыруға академиялық мәселелер жөніндегі қызмет (АМК) көмек көрсетеді

## **2 КОМИТЕТТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

2.1 Комитет қызметінің мақсаты университеттің оқу-ұйымдастыру жұмысы мен кафедралардың, факультеттердің және басқа да құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік қызметін үйлестіру негізінде университеттің білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың барлық деңгейлерінде білім беру процесінің сапасын арттыру болып табылады.

2.2 Комитеттің негізгі міндеттері:

- ББ әзірлеу және өзектендіру;
- ББ әзірлеу және өзектендіру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының (академиялық персонал, жұмыс берушілер, білім алушылар) өзара іс-қимылын жүзеге асыру;




- Түлектердің білім сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- Пәндердің әдістемелік кешендерін қоса алғанда, ББ сапасын бағалау, ББ аккредиттеуге дайындау;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау.

### 2.3 Комитеттің функциялары:

- Білім беру бағдарламасын әзірлеу және оны бекітуге ұсыну;
- Оқу жоспарларының мазмұнын анықтау;
- Бизнес қоғамдастық тарапынан кадрлар даярлауға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламасының мазмұнын айқындау;
- Оқу сабақтастығын қамтамасыз ету және білім деңгейлері бөлінісінде пәндердің қайталануын болдырмау мақсатында элективті пәндер каталогын қалыптастыру сапасын бақылау;
- Білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін талдау негізінде оларды шығарудың басымдылығын айқындай отырып, білім беру бағдарламасының пәндері бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді шығару жоспарына ұсыныстар қалыптастыру;
- ББ пәндері бойынша оқулықтар, оқу құралдары мен ғылыми әдебиеттерді сатып алу жоспарын қалыптастыру;
- Білім алушылардың өзіндік жұмысына әдістемелік басшылықтың сапасын бақылауды, оны жоспарлаудың, ұйымдастырудың және бағалау критерийлерінің ұтымды нысандарын әзірлеуді қамтамасыз ету;
- Пән силлабусының нақты тақырыптары бойынша мастер-класстар, қонақ дәрістер өткізу, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету арқылы ББ бейіндік пәндері бойынша сабақтар өткізуге практик мамандарды тарту бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- ББ одан әрі жетілдіру бағыттарын айқындау мақсатында білім алушылардың, жұмыс берушілердің, түлектердің білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттану мониторингі туралы есептерді қарау.



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

### **3 КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ**

3.1 Академиялық комитеттер факультеттер базасында университеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі ректордың / проректордың бұйрығымен құрылады.

3.2 Университетте 7 комитет жұмыс істейді:

- 1) Музыкалық орындау
- 2) Музыкатану және фортепиано;
- 3) Оркестрлік орындау
- 4) Режиссура, Арт-менеджмент және операторлық өнер;
- 5) Театр өнері және өнертану;
- 6) Дәстүрлі музыкалық өнер;
- 7) Көркемөнер.

3.3 Комитет Университеттің оқытушылары мен әр түрлі деңгейдегі (студент/магистрант/докторант) білім алушылардың өкілдерінен құрылады.

3.4 Комитеттің құрамы бір оқу жылына бекітіледі.

3.5 Комитет төрағасы декан болып табылады. Хатшы болып Комитет мүшелерінің бірі сайланады.

3.6 Комитет әр оқу жылына оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор құрастыратын және бекітетін жоспарға сәйкес жұмысты жүзеге асырады.

3.7 Комитет отырыстары екі айда бір рет өткізіледі. Комитет отырыстары хаттамамен ресімделеді.

3.8 Комитеттің шешімдері кворумды қамтамасыз ету кезінде (Комитет мүшелерінің кемінде жартысы) қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

3.9 Комитеттің барлық шешімдері мен ұсынымдары комитет отырысының хаттамасына енгізіледі. Отырыстың хаттамасын Комитет хатшысы ресімдейді.


3.10 Хаттамаларға комитеттің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

3.11 комитет отырыстарына университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, САВ қызметкерлері және жұмыс берушілер шақырылуы мүмкін.

### **2 КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

4.1 Комитет мүшелері құқылы:

- Университет бөлімшелерімен өзара әрекеттесу және қажетті құжаттарды алу;
- Өз функцияларын орындау үшін профессорлық-педагогикалық құрамды және білім алушыларды мәселелері бойынша сұрақтарды орындау үшін міндетті ұсынымдар енгізу.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 17.07.2024
	<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

#### 4.2 Комитет міндетті:

- Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып ББ әзірлеу және өзектендіру;
- ББ пәнаралық және серіктестермен ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- Серіктес университеттермен бірлескен және қос дипломды бағдарламалар әзірлеу;
- Барлық деңгейлерде білім беру процесінің сапасын бағалау және жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

### **5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

